

**Денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды
нысаналы даярлау қағидаларын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 25 қыркүйектегі
№ ҚР ДСМ-19 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018
жылғы 12 қазанда № 17542 болып тіркелді**

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 46-6) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды нысаналы даярлау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күннің ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Л. М. Ақтаеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Е. Біртанов

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрі

_____ Е. Сағадиев

2018 жылғы _____

**Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2018 жылғы 25 қыркүйектегі
№ ҚР ДСМ-19 бұйрығымен бекітілді**

**Денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды
нысаналы даярлау қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды нысаналы даярлау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 46-6) тармақшасына сәйкес әзірленді және білім беру қызметінің осы түріне мемлекеттік лицензиясы және клиникалық базалары бар, меншік нысанына және ведомстволық бағыныштылығына қарамастан Қазақстан Республикасының білім беру және ғылыми ұйымдарындағы денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды нысаналы даярлау тәртібін белгілейді.

2. Қағидаларда мынадай негізгі анықтамалар пайдаланылады:

1) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы (бұдан әрі – білім беру ұйымы) – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын және ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыратын жоғары оқу орны;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық ғылым, медициналық және фармацевтикалық білім беру, дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналымы, медициналық қызметтер көрсету сапасын бақылау саласында басшылық етуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

3) нысаналы даярлау бағдарламалары бойынша білім алушылар (бұдан әрі – білім алушы) – кәсіптік білім беру бағдарламасын игеру үшін және ақылы білім беру қызметін көрсету шарты негізінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушы магистранттар мен PhD докторанттар.

2-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды нысаналы даярлау тәртібі

3. Денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды нысаналы даярлау мемлекеттік білім беру тапсырысы (бұдан әрі – мемлекеттік тапсырыс) есебінен білім беру ұйымдарында өтінім берілген мамандықтар бойынша жүзеге асырылады.

4. Денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды нысаналы даярлауға өтінімдерді тапсырыс беруші осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша уәкілетті органға жыл сайын 31 наурызға дейін береді.

Денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды нысаналы даярлауға тапсырыс беруші медициналық білім беру және ғылым ұйымдары болып табылады.

5. Тапсырыс берушілерден денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды нысаналы даярлауға алынған өтінімдердің негізінде уәкілетті орган нысаналы даярлау шеңберінде білікті медициналық және ғылыми-педагогикалық кадрлардың жалпы қажеттілігін жыл сайын 3 шілдеге дейін қалыптастырады.

Денсаулық сақтау саласындағы жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды нысаналы даярлауға мемлекеттік тапсырысты орналастыру 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 7-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес мемлекеттік тапсырыс бойынша республикалық комиссияның (бұдан әрі – Республикалық комиссия) ұсынымдары бойынша орналастырылады.

Республикалық комиссия уәкілетті орган қызметкерлерінің, Қазақстан Республикасының «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының, денсаулық сақтау саласындағы жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің, азаматтық қоғам институттарының өкілдерінен құрылады.

6. Денсаулық сақтау саласында жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды нысаналы даярлау бойынша білім беру ұйымдарына қабылдау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 109 қаулысымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қабылдау комиссиясының шешімі бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша денсаулық сақтау саласында жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды нысаналы даярлауға адамдарды қабылдау аталған даярлауға үміткер адамдар арасында конкурстық негізде жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша денсаулық сақтау саласында жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды нысаналы даярлауға қабылданған адамдармен 25 тамызға дейін білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) жасалады.

8. Шарт тапсырыс беруші, білім беру ұйымы және білім алушы арасында жасалады.

**Денсаулық сақтау саласындағы
жоғары оқу орнынан кейінгі
білімі бар кадрларды нысаналы
даярлау қағидаларына
қосымша**

Үлгі

_____ (тапсырыс беруші ұйымының атауы) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды нысаналы даярлауға өтінім

Мамандықтың шифры және атауы	Қажеттілігі, орын саны
Жиыны:	

Басшы _____ Т.А.Ә. (болған кезде) (ұйымның атауы)